

НОВЫЕ ПОДХОДЫ В УПРАВЛЕНИИ  
ПРОБЛЕМЫ, ПУТИ ИХ РЕШЕНИЯ  
РИПК СО ПРЕДСТАВЛЯЕТ

---

**БІЛІМ**

**БЕРУДЕГІ**

**МЕНЕДЖМЕНТ  
В ОБРАЗОВАНИИ**

---

КОМПЬЮТЕРИЗАЦИЯ ОБРАЗОВАНИЯ  
ИТОГИ РЕСПУБЛИКАНСКИХ МЕРОПРИЯТИЙ  
БИБЛИОГРАФИЧЕСКИЙ ДАЙДЖЕСТ

---

**2/99**

# ҚАЗАҚ ТІЛІНЕҢ ФАКУЛЬТАТИВТІК САБАҚ ФОНЕТИКА – ГРАММАТИКА БАСПАЛДАҒЫ

Әміртаева Р.Қ.

## Мақсаты:

1. *Білімдік*: фонетика нені зерттейтіндігін, сол саладағы тақырыптарды қалай менгергендейдігін бақылау.
2. *Тәрбиелік*: сөздерді буындық, дыбыстық талдауда оқушылардың тіл мәдениетін дамыту, мұсылмандыққа тәрбиелеу.
3. *Дамытушылық*: оқушыларды өздіктерінен жұмыс істей білуге, творчестволық ізденіске баулу. Ой-өрісін үштай отырып, сөйлем мен жазу мәдениетін жетілдіру, қабілеттерін дамыту, пәнаралық байланысты жүзеге асыру.

*Пайдаланатын құрал-жабдықтар*: перфокарта, ойындар, жұмбақтар, т.б.

*Сабақты өткізу өдісі*: 1. Сұрақ-жауап.

2. Талдау, жинақтау.

*Пәнаралық байланыс*: ана тілі, дүниетану, математика, ән-күй, т.б.

*Сабақтың түрі*: саяхат сабақ.

## Сабақтың барысы:

1. Ұйымдастыру кезеңі: оқушылардың сабаққа дайындығын бақылау, мақсатымен таныстыру, яғни бүгінгі сабақтың ерекшелігін ескертпі өтү.

- Бүгін біздің сабағымыз тәулік мезгілдеріне байланысты 5 бөліктен тұрады.

- Көне, тақтаға назар аударындаршы, қандай көрнекілікі көріп тұрсындар? Кім оқып береді?

*Сөске түс, шаңқай түс, ақшам мезгілінде ауыл-ауылға қонаққа баратынымызды хабарлау.*

Тақтада күннің көзі салынған /5 бөлікке бөлініп қойылған/ көрнекілік ілүлі түр. Әр бөлігінде 1. Таң. 2. Сөске түс. 3. Шаңқай түс. 4. Бесін. 5. Ақшам деген жазулар.

Күн шығар алдындағы мезгіл қалай аталынады?

- Таң немесе таңертең.
- Дұрыс.

- Тақтадағы көрнекіліктен “таң” бөлігін алып, тапсырманы оқу.
- 1. Қазақ тілі қандай салаларға бөлінеді? (Фонетика, синтаксис, лексика және морфология).
- 2. Фонетика нені зерттейді? (Сөздердің дыбыстаслу жүйесін).
- 3. Қандай тақырыптарды өттік? (Дыбыс, буын, тасымал және оның түрлері).
- 4. Дыбыс қандай болып бөлінеді?
  - а) Дауысты.
  - ә) Дауыссыз.
- 5. Дауысты дыбыс түрлерін ата (сөйлемдегі сөздердің дауысты дыбыстарын сыйзызу).

**Ойын “Дыбысты ажырат!”** (жазылған сөздердегі дауысты дыбыстың тиістісін жаз, түрлерін ата).

К... пуст..., м...с...қ, г...л, ж...йд..., ...рт...г, к....йл...к.

**Ойын “Қай әріп қажет?”, Я – дыбысы қандай дыбысқа жатады? Тағы қандай дыбыстар?**

- Балалар, әдептілік тәрбиесіне байланысты ақыл сөздерді есімізге түсірейікші.
- Улкендерді сыйла. Дастанхан басында керілме.
- Қарттарды құрметтеп, кішіге қамқор бол. Досына ауыр сөз айтпа.

Осы айтылған ақыл сөздерді тақтага жазбаша орындату.

Мысалы: Досына ауыр сөз айтпа (осы сөйлемдегі дауысты дыбыстарды сыйз).

**II. Сәске тұс. Қай уақыт шамасындағы мезгіл (12-нің кезі).**

Окушыларға сәске тұс кезінде Ш.Құдайбердиев ағамыздың ауылына қонаққа баратынымызды хабарлау.

Тақтадағы күн кезін құрастырып түрған сәске тұс боліміндегі тапсырмаларды орындауга кірісеміз.

- Ш.Құдайбердиев кім? Кімнен төлім-тәрбие алған? Қандай өлеңін жаттадық?

Берілген сұрақтарға ауызша жауап бергіздірту.

Тапсырма: 1. Неше дауыссыз дыбыс бар? /25/

2. Дауыссыз дыбыс түрлерін атаңдар /қатаң, ұян, ұнді/.

**Ойын: “Адасқан дауыссыздар”**

Қатаң:

Ұяң:

Үнді:

Дауыссыздарды тиісті бөлімдеріне теріп жазу.

Мақалдар жазылған көрнекілік ілініп, жазбаша орындалды.

Мысалы: Талаптыға нұр жауар /дауыссыз дыбыстарды сыйз/.

III. “Шаңқай тұс” қандай уақыт мезгілі /2-нің кезі/.

А. Байтұрсынов ағамыздың ауылына келдік.

- А. Байтұрсынов кім? Қай жерде туған?

- Ана тілінен қандай шығармасымен таныспыз? Қойылған сүрақтарға ауызша жауап алынды. “Шаңқай тұс” бөліміндегі тапсырманы орындату.

Тапсырма: Сөйлемдерді дұрыс құрастырып жазындар.

Көрнекті қазақ ақыны халқының, т.б.

а) Дауысты дыбыс ауыз қуысындағы қандай мүшелердің қатысуымен айттылады? /тіл, жақ, ерін/.

ә) Ережелеріне тоқталу.

**Ойын “Сөйлем дұрыс құрастырылған ба?”**

а) Көрнекті қазақ ақыны халқының (тақтада жазбаша орындату).

ә) Фонетикалық талдау: ақын, халқы, т.б.

IV. “Бесін” қандай уақыт мезгілі? (Күн еңкейген немесе түстен кейінгі мезгіл).

М. Дулатов ауылына жеттік.

- М. Дулатов кім? Қандай тәрбиелік өңгімелерін оқыдық? “Ешкімге жауыздық қылма”, “Байлық”.

Бесін бөліміндегі тапсырманы орындату.

Тапсырма: Бұын дегеніміз не? Оның түрлерін ата.

Ережелерін айту.

**Ойын: “Жоғалған бұындар”**

Ауызша карточкамен жұмыс.

Жаңа жылды қарсы алып,

Тойлағанда барша.

Тұратын не ортада,

Атын бастар қай әріп? (шырша)

Ас біткеннің анасы,

Қасиетті “нан” осы.

Қай өріптен басталып,  
Аяқталған қараши? (нан)

Айдалада ақ отау,

Аузы-мұрны жоқ отау (жұмыртқа)

Осы жұмбақтарды шештірту, буынға бөлгіздірту, қай буын түріне жататындығын ажыратқызу.

V. “Ақшам” қандай уақыт мезгілі? /күн үясына бата бастаған мезгілді атайды/

Ж. Аймауытов ағамыздың ауылына қонаға жеттік.

- Ж. Аймауытов жайында не білесіндер? Неше жасынан өлең шығара бастаған? (13 жасынан).

- Ана тілінен қандай мәтінді оқыдық? “Ыстық қой, шіркін, туған жер!”

Тақтада “ақшам” тапсырма бөлігіндегі жазбаша орындалды.

Тапсырма: перфокартамен жұмыс. /Оқушыларға алфавиттік, сөз жұмбақ түріндегі, т.б. карточкалар таратылды/.

VI. Сабакты қорыту: Міне, балалар әділдікті көксеп, төуелсіздікті алу жолында осы ағаларымыз халқымыздың жүргегінде күн көзі болса, сендер содан тараған нұрсындар. Олардың бейнесі бізге өрқашан улгі.

- Біздің қазақ халқы мейманостығымен, қонақжайлышымен бүкіл дүние жүзіне мәлім.

Қонағына адал асын беріп, күй тартып, қарсы алған.

Біз де бүгін келген қонағымызға өнерімізді көрсетейік.

Оқушылардың орындауында “Кеңес күйі”.